

ТЕХНИКА ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

«Техника» терминінің тамыры грек және латын тілдерінде алғашқы мағынасында құрылысшының, ағаш шеберінің өнері, шеберлігі, кеңірек мағынасында өндірістегі және басқа қызмет салаларындағы өнер дегенді білдіреді. Орта ғасыр дәуірінде *teshne* және *ars* терминдер бір мағынада қолданылып келді. Оларды жеті *artes mechanicae* және жеті *artes liberales* деп бөлді: механикалық өнерлер: жер өңдеу, аң аулау, теңізде жүзу, тоқымашылық ісі, қару жасау ісі, дәрігерлік, театр ісі; еркін өнер: грамматика (логика мен ойлау өнері де кіреді), диалектика, риторика, геометрия, арифметика, астрономия, музыка. Кейінірек техника мен өнер адам қызметінің екі жеке түрі ретінде бөліне бастады: техника адам қызметінің рациональді түріне, ал өнер интуитивтік, шығармашылық процеске айналды. Мысалы, құрылыс өнері – құрылыс техникасы, фотография өнері – фотография техникасы және тағы басқа. «Техника» термині қызметтің осы саласында қолданылатын құралдар (инструменттер, приборлар, машиналар) мен білімдерге (ережелер, теориялар, әдістер) байланысты да айтылады.

Философияда техника ұғымы әдетте екі оппозициялық мағынада: біріншіден, қызметтің жасанды материалдық құралдарының, яғни артефактілердің жиынтығы ретінде, екіншіден, терминнің алғашқы мағынасына сәйкес – жасай білудің, әдістердің жиынтығы ретінде қолданылады. Сонымен, техника – құралдар мен инструменттердің материалдық-заттық ерекше саласы; қызмет тәсілі, оның ішінде – құралды қолдану тәсілі болып табылады.

Біздің ойымызша, техника ұғымы адам және адам қоғамы ұғымдарымен тығыз байланысты қарастырылуы тиіс, сонда ғана оның философиялық мәнін түсінуге болады. Осы тұрғыдан талдағанда, техника – адамның өзін қоршаған ортада, табиғатта оны өзгерту арқылы өмір сүре білу және өмірінің сапасын жақсарту қабілетін көрсететін мәндік сипаты. Техника адамды табиғаттағы басқа тірі организмдерден ерекшелендіретін өмір сүру тәсілі деуге болады, ал адамның өзгерту қабілеті оның қызметінің материалдық құралдарында көрініс табады. Техника ұғымының бұл екі түсінігі бір-бірімен тығыз байланысты.

Техниканың тарихына тоқтала өтсем, техниканың пайда болуының алғышарты – табиғатты тану, одан қорғана білу және оны түсінуге талпыну. Ал мақсаты – адамның өмір сүруін қауіпсіздендіру, жақсарту. Техниканың алғашқы түрі – адам еңбегінің құрал-аспаптары мен әдіс-тәсілдері ұзақ уақыт бойы қарапайым деңгейде болып келді.

Техниканың жалпы мәні мануфактуралық өндіріс дами бастаған ХІХ-ғасырда өзгерді. Бұл кезеңдерде механикалық машиналар дүниеге келіп, олар адам қызметінде, әсіресе материалдық өндірісте қолданыла бастады, техника ғылым жетістіктерін кеңінен қолдануға негізделген машиналық техникаға айналды, өндіріске индустриалдық қоғамға дейінгі шебердің орнына инженерлер келе бастады. Техника бірте-бірте өндіріс саласын ғана емес, адам өмірінің басқа салаларын да қамти бастады, автоматтандырылған машиналар пайда болды және бұл процесс өте тез қарқынмен жүре бастады. Бұл тұрғыдан алғанда ХХ-ғасырдың екінші жартысының ерекше болғандығын атап көрсеткен дұрыс.

Техниканың дамуы бүкіл адамзаттың өмірін өзгертті деуге болады. Оның жағымды жақтарын атап көрсетсек:

1) Техниканың жоғарлауы, дамуы рационалды ойлауды, дәлдікті, еңбек құралдарын үнемді қолдануды қалыптастырады;

2) Ғылыми-теориялық білім ұсынған жаңа технологиялардың өндіріс процесінде және ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылуы әлемдегі көптеген мемлекеттердің экономикасын өркендетті;

3) Техниканың өндіріс процесіне енуі адам еңбегін айтарлықтай жеңілдетті;

4) Техника мен ғылымның антропогендік сипаты адамның күнделікті тұрмысын да түбегейлі өзгертті, бұрын қолмен атқарылатын жұмыстың басым көпшілігін тұрмыстық техника атқара бастады. Бұл өзгеріс адам үшін жалпы алғанда оң өзгеріс деуге болады.

5) Байланыс, араласу салаларында жаңа технологиялардың пайда болуы бүкіл адамзатты бір-біріне жақындатып, өзара түсіністіктің пайда болуына ықпал етті.

Техника дамуының жағымсыз жақтары туралы айтатын болсақ, олар өте маңызды және жағымды жақтарынан басымырақ десек те болады:

1) Техниканың өндіріс процесінде қолданылуы шикізатты, табиғат байлықтарын аяусыз пайдалануды ұлғайтты;

2) Адамның сұраныстары мен қажеттіліктері шектен тыс күшейді, тех-ника, әсіресе, әскери техника саясат саласында күшті құралға айналды;

3) Жеке адамның құндылығы төмендеп, оның орнын техника жасаған құндылықтар басты;

4) Техникаға табынудың нәтижесінде қоғамның механизациялануы күшейіп, тұлғалық сипаты жоғала бастады;

5) Рациональданудың біржақты мамандардырылудың нәтижесінде адамның жаттануы пайда болады, адам орасан зор технологияны жалпы басқару қабілетінен айрылып, жеке функцияларды атқарумен шектелуге мәжбүр болды;

6) Техникалық прогресс өркениет критеріі ретінде қабылдана бастады, мәдени, ұлттық, діни құндылықтардың маңызы төмендеді;

7) Қорытып айтқанда, адам қолымен жасалған техника адамның өзіне қарсы тұрып, оның өміріне қауіп туғыза бастады, ол адамның ырқынан шығып, өзіндік, адам дүниесінен бөлек дүние қалыптастырды. Техника адамды өзімен санасуға мәжбүр етіп отыр[1].

Техника философиясы – өзіндік қызметі бар бағыт ретінде пайда болғанына жүз жылға жуық уақыт болды. Техника философиясы – техника дамуының, технологияның, инженерлік және техникалық қызметтің, жобалаудың, техникалық ғылымдардың дамуының ортақ заңдылықтарын, сонымен қатар, олардың жалпы адам мәдениеті мен қазіргі заманғы қоғамдағы орнын, адам мен техниканың, техника мен табиғаттың арақатынасын, қазіргі заманғы техника мен технологияның

этикалық, эстетикалық және басқа да өзекті мәселелерін зерттеуге бағытталған заманауи философиялық ғылымның маңызды бағыттарының бірінің қалыптасқан атауы. Бұл XIX ғ. Германияда ғылыми-техникалық прогресс пен техниканың философиялық рефлексиясының жаңа формасы ретінде пайда болды деп айтуға болады. Бұл бағыттың алғашқы өкілдерінің қатарына Э.Капп, Ф.Дессауэр, Э.Чиммер, Э.Дюбуа-Реймон және т.б. Техника философиясының дамуына М.Хайдеггер, К.Ясперс, Х.Ортега-и-Гассет, Н.Бердяев, Х.Ионас, Л.Мэмфорд, Ж.Эллюль және де басқа философтар өз үлестерін қосты. Ал Ресейде техника философиясының бастаушысы Петр Климентьевич Энгельмейер болды [2]. Техника философиясының статусы туралы әртүрлі көзқарастар кездесіп жатады. Ғалымдардың бір тобы техника философиясын жеке философиялық ғылым ретінде, келесі тобы оны ерекше философиялық мектеп деп те бағалайды, ал зерттеушілердің үшінші тобы техника философиясын жаңа, басқа философиялық бағыттарды жоққа шығаратын бағыт деп қарастырады. Біздің ойымызша, техника философиясы жалпы философия ғылымының жеке саласы, оны тым әсірелеу немесе төмендету дұрыс емес.

Техника философиясының дамуының алғашқы этаптарына екі маңызды бағыттар тән – техникалық оптимизм және техникалық пессимизм. Техникалық оптимизмге тән қасиет – техниканы идеализациялау, оның дамуының мүмкіндіктерін асыра бағалау: техника әлеуметтік процестің жалғыз немесе маңдай алды детерминдеуші факторы ретінде қарастырылды. Техникалық пессимизм техниканы теріске шығарушы ретіндегі бағытты ұстанады. Осы бағыттың өкілдері техниканы адамның қас жауы және бүкіл жер бетіндегі кесапаттардың себепшісі деп шеттетті.

Соңғы уақыттарда техниканың технократты концепцияларын теріске шығаратын техника мәселелерін талқылайтын құрылымдық тәсіл көптен қолданылып жүр. Бұл жердегі ауқымды орынды құндылық және өнегелілік мәселелері алады. Германия техника философиясының дамуында 1856 жыл мен 1956 жыл арасында қызмет атқарған неміс инженерлік одағының (VDI – Verein Deutscher Ingenieure) маңызды зор болды. VDI шеңберінде «Адам және техника» атты арнайы зерттеу тобы жұмыс істеді, оның құрамына «Педагогика және техника», «Дін және техника», «Тіл және техника», «Әлеуметтану және техника», сонымен қатар «Философия және техника» сынды жұмысшы комиттер құрылды.

ГФР, АҚШ, Испания және басқа да мемлекеттердің университеттерінде техника философиясы кафедрасы, зерттеу топтары, арнайы курстар жұмыс істейді [3, 276].

Техника философиясы басты назарды әрдайым техниканың әлеуметтік-философиялық, әсіресе, этикалық мәселелеріне аударған, бірақ соңғы онжылдықта ғылыми-техникалық прогрестің әлеуметтік және методологиялық мәселелеріне (оның ішінде, ең заманауи салаларына, мысалы, компьютерлендіру), техниканың ғылыми және инженерлік салаларға көп назар аударуда.

Техника философиясы бойынша басты назар зерттеудің келесідегідей басты методологиялық мәселелеріне аударылды: ғылым мен техниканың жаратылыстану мен техникалық ғылымдардың арақатынасы және заманауи техникалық ғылымдарда теориялық зерттеулердің ерекшеліктері.

Техника философиясының пәні, басты міндеті.

«Философия» және «техника» сөзі бірге айтылғанда (қарапайым санамызда) күнделікті өмірде таң қаламыз. Философия және техника көбіне қарама-қайшы, біріншісі – бәрінен жоғары, нақтылықтан алыс, әлемді теориялық ұғынудың, екіншілері әлемді нақтылық арқылы ұғынудың символы ретінде қабылданады.

Сонымен техника философиясы дененіміз не? Оның пәні техниканың өзі болмаса, онда не? Техника философиясы тек ғылымы мен технологиясымен салыстырғанда жаңадан не бере алады немесе оның жаңартылған көрінісі ғана ма?

Техника философиясының пәнін техникалық ғылым мен технологияға қарағанда объектісі мен пәні бар:

Техника, техникалық қызмет пен техникалық білім мәдениеттің (объект) феномені ретінде;

Бұл объектіні (пән) реттейтін техникалық сананың дамуы;

Осыдан техника философиясының негізгі салалары шығады:

1. мәдениет және техника (тарихи-мәдени және әлеуметтік мәдени аспектілері);
2. техника философиясының методологиялық мәселелері, жобалау мен техникалық ғылымның методологиясы;
3. техника мен оның салдарын әлеуметтік бағалау;

4. инженерлік этика [2, 486].

Техника философиясының басты міндеті – әлемге деген адамның техникалық қатынасын, яғни, техникалық дүниетанымды зерттеу. Бірақ, техника философиясының оған еш қатысы жоқ және өзінің пайда болған кезеңінен бастап техниканы гуманизациялауға бағытталған.

Ойымызды қорытсақ, техника философиясы техника феноменінің табиғатын, оның пайда болу және даму кезеңдерін жан-жақты зерттеп, оның қазіргі адамға, жалпы қоғамға тигізетін оң және теріс ықпалын талдайды, сонымен қатар техниканың болашағы туралы ғылыми болжамдар да жасалынууда .

Техниканың ролі мен маңызын түсіндіретін әр түрлі ағымдар бар. Технократизм техниканы қоғам тағдырын анықтаушы күш деп түсіндіретін әлеуметтік – психологиялық нұсқау және саяси – қоғамдық ой бағыты болып табылады. Дартмунд университетінің профессоры Ф.Рапп техника философиясының мынадай бағыттарын атап көрсетті: бірінші – техниканың тарихы, оның мәдениетке қатынасын зерттеу, екінші – қазіргі техника мен еңбектің жалпы сипатын социологиялық тұрғыдан зерттеу, үшінші – еңбекті талдауға, саяси әлеуметтік белсенділікті экзистенциалдық мәселелер тұрғысынан түсіндірді; төртінші – эпистемология тұрғысынан органикалық және техникалық әлемнің дихотомиясын зерттеу; бесінші – болашақ постиндустриялық қоғамда басқару мәселелері және техника мен жалпы адамзаттық құндылықтардың қатынасыны.

XX ғасырда техника философиясы дербес бағытқа айналып, қазіргі таңда қарқынды дамуда. Испан философы Ортега-и-Гассет техниканы талдай отырып, адамның екі жақтылығына көңіл аударды – ол табиғаттан өзгеше, бірақ онымен техниканың көмегімен бірігеді. Ортега-и-Гассет пен К.Ясперс техникаға мағынаны адам береді деп есептейді. Техниканың көмегімен адам өз өмірін жеңілдетуі де немесе өзіне өзі көр қазуы да мүмкін. Адам өзінің таптырмайтын керемет мағыналы өмірлік әлемін ғылыми ұғымдарға айналдырады, соған сүйеніп техниканы жасайды. Ақыр аяғында, адамның өмірлік әлемі ұмытылады. Бірте – бірте адам, оның ғылымы мен техникасы дағдарысқа ұшырайды. Мұндай жағдайға ұшырамас үшін техниканың өзін мағыналы ету қажет. Хайдеггер техниканың табиғатын жан-жақты терең талдап, оны жетілдіру қажет деп көрсеткен [4]. Өйткені техника да өнер сияқты, адамды рухани дамытуға, байытуға бағытталуы тиіс.

ӘДЕБИЕТ

1. Сейсенов Б.С. Ғылыми-техникалық таным философиясы. Алматы.: 2011.
2. Горохов В.Г., Розин В.М. Введение в философию техники. М.: ИНФРА-М, 1988.
3. В.М.Розин. Философия техники. Москва.: NOTA BENE, 2001.
4. Карл Митчем. Что такое философия техники? Перевод с английского под ред. профессора В.Г.Горохова. М.: Аспект пресс, 1995

Резюме

Бекжанова М. Формирование и развитие философии техники

Рассматривается появление и формирование философии техники, а так же область ее исследования.

Summary

Bekzhanova M. Formation and development of the philosophy of technology

In this article emergence and formation of philosophy of equipment, and as area of its research are considered.